

**ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ
КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ибрайм Эльвира Нұрланқызы

email: e.ibragim06@gmail.com

География және тарих пәні мұғалімін даярлау 2курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
Ғылыми жетекшісі: А.Қ.Жумагазиев, кафедра меңгерушісі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
E-mail: arman_sebek@mail.ru

География пәнін оқытудың заманауи білім беру жүйесіндегі рөлі ерекше. Білім берудің қазіргі заман талабы – шығармашылықпен жұмыс жасайтын әрі бәсекеге қабілетті, құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Бүгінде білім беру процесі мұғалімнің дайын ақпаратты жеткізуінен гөрі, оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. География пәні оқушылардың әлем, қоғам, ғалам туралы ғылыми көзқарасын қалыптастыратын маңызды пәндердің бірі болып табылады. Ал географиялық білім - жер бетінің табиғи және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми ақпараттар жиынтығы, ол кеңістік пен уақыт аралығында болып жатқан өзгерістерді түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл пәннің тиімді оқытылуы оқушылардың зерттеу дағдыларын, логикалық ойлауын және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын дамытуға бағытталуы тиіс.

География пәнін оқыту үдерісінде заманауи әдістемелерді қолдану оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңартылған бағдарламалар кеңінен енгізіліп, жаңа оқыту тәсілдері жаңа әрі заманауи бағытта жетілдірілуде. Бұл жалпы өзгерістердің негізгі мақсаты – оқушылардың пәнді меңгеру деңгейін арттыру, географиялық білімді өмірлік тәжірибеде қолдануға үйрету. Оқыту әдістерінің жаңаруы білім беру мазмұнының жаңаруымен бірге қатар жүріп жатыр, осыған байланысты сәйкесінше мұғалімдерге жаңа талаптар қойылады. Осы орайда бағдарламаға жаңа енгізілген ерекшелікті айта кету қажет. Жаңартылған білім беру бағдарламасының басты ерекшеліктерінің бірі – «шиыршықты оқыту» жүйесі. Бұл әдіс оқу материалының кезең-кезеңімен қайталанып, әрбір жаңа деңгейде күрделендіріліп берілуі, яғни оқушылардың өткен тақырыптарды ұмытпауына және оларды тереңірек түсінуіне ықпал етеді. География сабақтарында бұл тәсіл оқушылардың түсінігін кеңейтіп, алған білімді ұмытып қалмауына септігін тигізеді. Осы тұста айта кететін мәселе, оқушыларды оқыту процесі тек академиялық білім берумен шектелмей, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруді де көздейді. Себебі шынайы білім – тек фактілер мен теорияларды меңгеру ғана емес, оны қоғам игілігіне жарату қабілетімен өлшенеді, ал бұл жолда жас ұрпақтың жүрегіне елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін ұялату маңызды. Сол себепті «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жас ұрпақтың бойына рухани тұтастықты, елжандылықты және тарихи сананы дарытуда басты бағдар болып табылады. Сонымен қатар, сабақтарда оқушылардың бойында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарын қалыптастыру маңызды рөл атқарады. География пәні оқушыларға тек табиғи құбылыстарды ғана емес, туған жердің құндылықтарын түсінуді де үйретеді. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы арқылы олар Қазақстанның табиғи байлығын, геосаяси орнын, экологиялық жағдайын және экономикалық әлеуетін тереңірек ұғынады. Бұл идеяны тиімді жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінде жаңартылған әдістер қолданылады. Оқушылардың географиялық

білімді игеруін тереңдету мақсатында оқу үдерісіне жаңа бағалау жүйесі енгізіліп, оқыту тәсілдері жетілдірілуде. Осы өзгерістердің бірі – оқу мақсаттарын саралап құрастыруға мүмкіндік беретін қысқа мерзімді жоспарлар жүйесі. Оқу үдерісінде оқушылардың білімін бағалау жүйесі де өзгеріске ұшырады. Қысқа мерзімді жоспарлар жасауда мұғалімдерге оқу мақсаттарын саралап құрастыру мүмкіндігі берілген. Әр сабақтың мақсаты барлық оқушыларға, көпшілікке және кейбір оқушыларға арналып жасалады. Бұл тәсіл әр оқушының білім алу қарқынын ескере отырып, оның жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, бағалау критерийлері мен дескрипторлар оқушылардың жетістіктерін нақты анықтауға мүмкіндік береді:

- Бағалау критерийлері – оқушылардың оқу жетістіктерін өлшеуге арналған нақты талаптар жиынтығы, олар арқылы мұғалімдер оқушылардың білім деңгейін әділ бағалай алады
- Дескрипторлар – бағалау критерийлерін нақтылайтын сипаттамалар, олар оқушылардың белгілі бір дағдыларды қаншалықты меңгергенін анықтауға көмектеседі.

Мұғалімдерге бұл жүйе оқушылардың білімі мен дағдыларын әділ бағалауға жағдай жасайды. Оқушылардың білімін бағалаудың бұл жүйесі олардың оқу жетістіктерін айқын анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, оқу материалының құрылымын жүйелі түрде меңгеруіне де ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, география пәнін оқыту әдістемесін қарастырғанда, оның мазмұндық құрылымы да маңызды орын алады. География пәнін оқыту әдістемесін қарасақ, оның мазмұндық құрылымы да маңызды орын алады. Оқушылардың географиялық білімдерін қалыптастыру үшін оқу материалдары қазіргі заман талаптарына сай болуы қажет. Географияны оқыту әдістемесінде оқушылардың бойында қазіргі әлемнің географиялық бейнесін іс-әрекет арқылы зерттеп тану қабілетін қалыптастыру көзделеді. Мұнда оқушылар табиғи және әлеуметтік процестерді түсініп, оларды ғылыми негізде талдай білуі тиіс. Географиялық кеңістік, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау мәселелері сабақтарда кеңінен қарастырылады. География сабағында оқушылардың зерттеу қабілетін дамытуға баса назар аударылады. Олар табиғи және әлеуметтік-экономикалық үрдістерді бақылап, оларды түсіндіруде дереккөздермен жұмыс істеуі қажет. Географиялық ақпарат көздерін, соның ішінде карталар, спутниктік суреттер, статистикалық мәліметтерді пайдалану оқушылардың аналитикалық дағдыларын жетілдіреді. Осындай тақырыптарды, жалпы географияны оқытуда мұғалімдер ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттырады. Интерактивті тақталар, географиялық модельдер мен симуляциялар оқушылардың пәнге және әлемге қызығушылығын оятып, ақпарат меңгеруін жеңілдетеді. Географиялық зерттеу әдістері де маңызды рөл атқарады. Оқушылардың өз аймағының табиғи ерекшеліктерін зерттеуі, экологиялық мәселелерді талдауы олардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, жергілікті жердің геоэкологиялық жағдайын бағалау, антропогендік әсерлерді анықтау сияқты жобалық жұмыстар оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырады. Бұл әдістер оқушылардың зерттеу жүргізу, деректерді жинақтау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. География сабақтарында пәнаралық байланыстарды орнату маңызды. Тарих, биология, экономика пәндерімен байланыс орнату арқылы оқушылардың кең көлемде ойлау дағдысы дамиды. Мысалы, демографиялық көрсеткіштерді зерттеу кезінде географиялық факторлардың тарихи және экономикалық салдарларына талдау жасалады. Бұл тәсіл оқушылардың пәнді кешенді түрде қабылдауына ықпал етеді. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін оқытудың шығармашылық стилі қамтамасыз етілуі тиіс. Сабақта зерттеушілік және жобалық әдістерді қолдану арқылы

оқушылардың өздігінен білім алуына жағдай жасалады. Мысалы, оқушыларға нақты географиялық мәселе беріліп, оны шешу жолдары ұсынылады. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық тұрғыдан шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Географияны оқытуда экологиялық мәселелерді зерттеу де маңызды орын алады. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, жаһандық экологиялық мәселелерді шешу жолдары оқушыларға түсіндіріледі. Мысалы, жергілікті аймақтың экологиялық жағдайын бағалау, экологиялық мәселелердің себептері мен салдарын анықтау оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырады. Оқушылар табиғатты қорғауға, экологиялық тұрақтылықты сақтауға бағытталған жобаларға қатысу арқылы өз аймағына деген жауапкершілігін арттырады.

Қорытындылай келе, географияны оқыту әдістемесі жанартылған білім беру жүйесінің негізгі қағидаттарына сай дамып келеді. Шиыршықты оқыту, бағалау критерийлерін нақтылау, ақпараттық технологияларды пайдалану, зерттеу әдістерін енгізу секілді тәсілдер оқушылардың пәнді терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Географияны оқытуда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, пәнаралық байланыстарды күшейту, экологиялық сананы қалыптастыру маңызды міндеттердің қатарында. Мұғалімдердің шығармашылық ізденісі мен әдістемелік шеберлігі осы мақсаттарды жүзеге асыруда басты рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқпанов Қ., Әбілғазиев М. Мектепте географияны оқыту әдістемесі. – 2022.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы: География пәні бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Нұр-Сұлтан, 2022.
3. Смирнов С. Н. Педагогикалық инновациялар және географияны оқыту әдістері. – Мәскеу, 2019.
4. Қалменова А. Оқушылардың географиялық білімдерін дамытудағы зерттеу әдістері. – Алматы, 2021.